



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Шахматтан балалар сынға түсті

Қызылорда қаласындағы «Нұрсәт» теннис орталығында классикалық шахматтан Аралбай Махамбетовтің жүлдесіне арналған ҚР балалар кубогы ІІ кезеңінің ресми ашылу салтанаты өтті. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Сыр өңірінде он жетінші мәрте ұйымдастырылған ой сайысына Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей мемлекеттері және еліміздің барлық өңірінен келген 350-ден астам спортшы сынға түспек.



Жарыстың ашылу рәсіміне Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Марат Есенов, «Freedom Bank» облыстық филиалы басшысының орынбасары Талғат Кәрібаев қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Асқарұлы шахмат шеберлеріне сәттілік тілеп, ой сайысының тартысты өтетініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы «Шахмат – адамның ақыл-ойын және қарым-қабілетін ұштауға мүмкіндік беретін бірегей спорт түрі» деп ерекше атап өткен болатын. Осы ретте әлемде ерекше танымал болған бұл ойын бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Бүгінде біздің облыста 15 мыңнан астам адам шахматпен тұрақты айналысады. Олардың арасында облыс тарихында тұңғыш ФИДЕ шебері, шахматтан 3 дүркін әлем чемпионы, 7 дүркін Азия чемпионы, 18 дүркін Қазақстан чемпионы Әсел Серікбай, жасөспірімдер мен жастар арасында 17 дүркін Қазақстан чемпионы, 3 дүркін әлем және Азия чемпионы Назерке Нұрғали, 8 дүркін Қазақстан чемпионы, Орта Азия чемпионы Аңсат Алдияр, 2 дүркін Қазақстан чемпионы және Азия чемпионатының жүлдегері Ернұр Ержанұлы, 2 дүркін Қазақстан чемпионы, әлем чемпионатының жүлдегері, Классикалық шахматтан ҚР балалар кубогы І кезеңінің жеңімпазы Ақылжан Мейірханұлы мұқатанышып елге аламыз. Міне, бүгін Сыр елінде ұйымдастырылған ой сайысына бірнеше мемлекет және еліміздің барлық облысынан 350-ден астам спортшы қатыспақшы. Барша қатысушыларға сәттілік тілеп, шын мықты жеңіске жетсін деп тілек білдіремін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Шарада құрметті қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

Айта кетейік, шахматшылар арасындағы ой сайысы 2-8 мамыр аралығында өтеді.



Үздіктер қатарынан көрінді

«28 сәуір – Халықаралық жедел жәрдем қызметкерлерінің күні» қарсаңында Астана қаласында «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы және «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен «ҚР 100 үздік жедел жәрдем қызметкері» атты республикалық патриоттық байқауы өтті.

Байқауға аймағымыздың жедел жәрдем қызметкерлері де қатысты. Нәтижесінде облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының фельдшері Сырым Ахметов пен Ардақ Нұралиева «ҚР үздік жедел жәрдем қызметкері» төсбелігі және «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

«ЖЖ» ақпарат

Егінжай – 2025



Диқандар дән септі

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Мәдениет ауылдық округіндегі «Жігер» шаруа қожалығының күріш алқабында өткен алғашқы дән себу рәсіміне қатысты. Диқан қауымын көктемгі егін науқанының басталуымен құттықтаған аудан әкімі жыл сайын саланы жоғары табыспен қорытындылауда дала дарабоздарының еселі еңбегі барын тілге тиек етті.

– Аудандағы шаруашылықтар жыл сайын жоғары өнім алып, алдыңғы қатардан көрініп келеді. Соның нәтижесінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша ауданымыз агроөнеркәсіп кешенін дамытуда облыс бойынша ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, «Үздік аудан» номинациясына ие болды. Ауылдағы ағайынға, диқан қауымына биылғы дән себу науқанында сәттілік тілеймін. Еңбектеріңіз жана берсін, атқарып жатқан тірліктеріңізге береке тілеймін, – деді аудан басшысы.

Айта кетейік, биыл ауданда 37 185 гектарға егін егу межеленген. Оның ішінде негізгі дақыл күріш көлемі 19 800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 800 гектар жаздық бидай, 50 гектар арпа, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сулы бар. Биыл 4 850 гектар жаңа жоңышқа егілсе, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған.

Бақша дақылдарына келсек, картоп көлемінде өсім бар. Мәселен, былтыр 188 гектар алқапқа картоп егілсе, биылғы меже 250 гектарды құрап отыр. Ал 1 115 гектарға көкөніс егіледі. Сон-

дай-ақ 1300 гектарға басқа да бақша дақылдары егіледі.

Биыл 209 шаруашылық егін шаруашылығымен айналыспақ. Оның ішінде күріш егетін 162 шаруашылық бар. «Кең Дала – 2» бағдарламасы аясында көктемгі егін жұмыстарына несиені алу үшін шаруашылық құрылымдар құжаттарын дайындауда. Қазіргі таңда 4 шаруашылық 835 млн теңге несиені алып, жұмыс жасауда. Қажетті 4 950 тонна күріш тұқымы толық дайындалып, тазартылуда.

Егінді күтіп-баптауға қажетті 10 400 тонна минералдық тыңайтқыш пен 22 300 литр гербицид те әзірлену үстінде. Қазіргі таңда 9 730 тонна минералдық тыңайтқыш пен 7760 литр гербицид алынды.

Көктемге дейін шаруашылықтар техникаларын жарақтап, алды жанартып үлгерді. Мәселен, жергілікті шаруашылықтар тарапынан биыл 72 млн теңгеге 7 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Көктемгі егісті орналастыру жұмыстарына аудан бойынша 1 133 ауыл шаруашылығы техникасы қатысады. Оның ішінде 678 трактор, 125

соқа, 55 тұқымсепкіш, 100 автомашина, 175 трактор тіркемесі бар. Бүгінде ауыл шаруашылығы техникалары егін орналастыру жұмыстарына толық дайын.

Аудан шаруашылық құрылымдары тарапынан «Госагро» сайты арқылы көктемгі егін егу жұмыстарына 64 шаруашылықтан 1802,1 тонна дизель жанармайына өтінім беріліп, қазіргі таңда 478,3 тоннасы алынды. Дизель жанармайының 1 литрі 254 теңгеден жеткізіліп беріледі.

Егіс жұмыстарына дейін шаруашылық каналдарынан 21,5 мың текше метр, ішкі шаруашылық арналардан 225,6 мың текше метр топырақ толық тазартылған. Шаруашылық су арналарынан 5 гидротехникалық құрылыс, ішкі шаруашылық арналардан 172 гидротехникалық құрылыс жөнделді. Егінді сумен қамтамасыз етуге қажетті 32 насос қондырғысы мен 23 гидробекет жөндеуден өтті. 8 512 гектар жерді ылғалдандырып суару, 15 450 гектар шабындық жерлерді суару жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі таңда ауданда 15 мың гектар жерге сүдігер айдау жұмыстары жүр-

гізілді. 12 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген жерге лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар суды үнемдеуге өз септігін тигізеді.

Аудан бойынша жоспарланған 4850 гектар жаңа жоңышқа, 800 гектар бидай, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 50 гектар арпа, 5 гектар сулы дақылдары толық егіліп, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Сонымен қатар ауданда тұрғындар тарапынан картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға 500 гектар жаңадан жер дайындалады. Мұнан бөлек Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Құрманбай Ата» ШҚ 10 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп, бақша дақылдарын, Таң ауылдық округіндегі «Бірлік» ШҚ 10 гектар жерге бақша дақылдарын орналастыруды жоспарлап отыр. Көктемгі егін орналастыру жұмыстары толығымен бақылауға алынып, қадағалануда.

Былыр су жеткізіп беру қызметіне «Жалағашсуар» өндірістік учаскесімен 187 шаруашылық 713,9 млн теңге қаржыға келісім-шартқа отырды. Қазіргі таңда су беру қызметіне 680,2 млн теңге төленген. Шаруашылықтардың пайдаланған су жеткізіп беру қызметіне берешек қарызы 33,7 млн теңгені құрайды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Берекесі мен бірлігі жарасқан Бұқарбай Батыр ауылындағы еңбек адамдарының бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстым. Даладағы ауыл техникаларының дүбірі 1-2 шақырым жерден естіледі. Бұл алқапта қызу жұмыстың басталғанын білдірсе керек. Көрініс тамаша. 8 сағат компьютерге телміріп, әрі-бері қағаз тасығаннан, кең далада өмір-өрік еңбек өткен тәуір ме деген ой келді. Оған қоса, техникалар да сұжаңа, көлік ішінде салқындық, магнитофон бар, былғары салон, топырақ, шаң деген атымен жоқ. Ақ көйлек, қара шалбармен жер жырта беруге болады. Механизатор Қабыл Бисенбай жастардың бұл жұмысқа қызығушылығы айтарлықтай емес дейді. Әрине, ынғасы бар ауыл жастары болса, үйретуге дайын екен.

Жандос ЖАЗКЕН

Еңбек адамы ауыл шаруашылығы саласына 2008 жылы келіпті. Кішкентайынан ауыл жұмысына әбден піскен ол мектеп бітірген соң егін даласында жұмыс істеуге бел буады. Техниканың тілін білгенін болар, жергілікті шаруашылықтар бірден түрлі жұмыс ұсыныпты. Міне, содан бері егін даласындағы көліктерді абыроймен тізгіндеп келеді. – Көктем басталса, қызу жұмыс та басталады. Қыс бойы ауыр техникаларды науқанға дайындадық. Көріп тұрғаныңыздай, қазір атыздарды дән себуге дайындап, жер жыртудамыз. Күніне ерқаисысымыз 15 гектар жер жыртамыз. Мекен басқа тағы да әріптестерім бар. Барлығымыз бірауыздан дән себуге кешіктірімей, тапсырманы уақытылы орындауымыз керек. Қазір мен жоңышқалық жерді дискілеп жатырмын. Нәтижелі жұмыс істеуге басшылық тарапынан барлық жағдай жасалған. Бастысы, ынта мен қызығу-



Механизатор Бисенбай

шылық болса жеткілікті. Көліміміз де сұжаңа. Бір сөзбен айтқанда, жұмысыма көңілім толады, – дейді Бисенбай Тасбергәнулы.

Механизатор биыл егістік көлемі айтарлықтай көбейгенін айтады. Мәселен, былтыр шаруашылық 150 гектар жерге дән сепсе, биыл 900 гектарға жуық алқапқа күріш егіледі. Мұнан бөлек 420 гектар жаңа жоңышқа тағы бар, бүгінде жаңа жоңышқа егіліп, 60 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Бөкең жоңышқалық жердің дайындығын аяқтап, күріштіктің жерін жыртуға кірісуде.

Механизаторлар жұмысының тиімділігі артуы үшін техникалық базаны жаңарту маңызды. Осы ретте шаруашылық биылдың өзінде 200 млн теңгеге жаңа техникалар алған. Олардың қатарында жер жыртатын алып тракторлар, аяқсу каналдарын қалыпқа келтіруге арналған техникалар, дискілер мен жерді тегістейтін лазерлер бар.

Шаруа адамы көктемгі жұмысты аяқтаған соң бақша дақылын егуге ниетті. Балалық шағында атасы бау-бақша баптағанда әрдайым жанынан табылып, жәрдемдеседі екен. Осылайша атасынан егін егудің қыр-сырын

үйренген Бөкең жылда бау-бақша баптауды әдетке айналдырған. Мәселен, биыл шаруашылық тарапынан қызметкерлерге бақша салу үшін 3 гектар жер ашылмақ. Әрине, бұл – бақша салуға ниетті қарапайым ауыл тұрғыны үшін үлкен көмек. Себебі шаруашылық жерді ашып, оны қоршап, тіпті аяқсуы да жеткізіп береді. Тек өккен өнімнің күтіміне жауапты болсаң жеткілікті.

Не керек, даладағы қарапайым шаруа адамдарының еңбегіне қарап, дастарханымыздағы нанның оңайлықпен келмейтініне көз жеткіздік.

Тағзым

Ерлік ешқашан ұмытылмайды

«Ұлы Отан соғысы жылдары жеріміз жаудан азат болды» демесеңіз, сол сұм соғыс біздің елге үлкен шығын әкелгенін тарихтан жақсы білеміз. Қаншама ана баласынаң, қаншама бала әкесінең, қаншама отбасы тірегінен айырылды. Сол тұста Қазақстаннан 1 миллион 200 мың адам майданға шақырылған. Майдан даласынан 394 мың боздақ қайтпай қалды. Соғыс жылдары Қазақстан жерінде 14 атқыштар дивизиясы, 4 ұлттық атты әскер дивизия, 6 атқыштар бригадасы мен 50-ге жуық әртүрлі полк және батальон құрылып, майданға аттанады. Осындай әскери құрамның бірінде Кеңес жерін жаудан азат етуге аттанған жауынгердің бірі – Аштанбай Сағындықов.

Атамыз соғысқа кеткенде артында зар жылап анасы, асыл жары мен 3 қызы қалды. Сол тұста кенже қызы Төлеген небәрі 1 жаста екен. Бүгінде Төлеген әжеміз де тоқсанға таяды. Оның жалғыз арманы бар, мақсаты соғыста хабарсыз кеткен әкесінің зиратынан жерінен бір уыс топырақ алып, туған жеріне қойғысы келеді.

Мұны әжеміз перзенттік парыз деп түсінеді. Тіпті осы мақсатын жүзеге асыру үшін бармаған жері қалмаған. Сонау Ресейдегі қазіргі елшілікпен де байланысқа шығады. Облыстың әскери комиссариаты мен Қармақты және Жалағаш аудандарындағы филиалының да табалдырығын тоздырған. Соның арқасында әкесі Аштанбай жайында аз да болса мәліметке қол жеткізді.

Ең алдымен аламыз Жалағаштағы әскери комиссариатқа өтінішін айтады. Олар бұл мәселемен Қармақшыға хат жолдаған. Кейін әжеміздің өзі Қармақшы ауданына барып, мәселесін айтады. Артында тиісті мекемеден жауап та келді. Олар Аштанбай атамыздың қайтыс болғаны жөнінде қаралы хабарды табады.

Аштанбай Сағындықов 1942 жылғы сәуір айында соғысқа аттанады. Алдымен №392 дивизия құрамындағы 7-ші батальонға қабылданады. Ақтабе қаласында оқу-жаттығудан өтіп, 1942 жылдың 22 маусымында ұрыс даласына түседі. Ленинградты жаудан азат етуде ерлігімен көзге түскен Аштанбай атамыз командир тапсырмасын бұлжытпай орын-



дап, кескілескен шайқаста аянып қалмады. Дәл осы жылы жауынгерге оқ тиіп, ауыр жарақат алады. Бұл жайында анасы айтқан деректер Төлеген әжеміздің өлі күнге дейін жадында сақталыпты.

– Анам айтып отыратын, сол тұста қасындағы сарбаздардан оның ауыр жарақат алғаны жөнінде хабар келген. Тіпті оның жуырда елге келмейтінін де айтқан. Әкеме оқ тиген, алайда сүйегі аман екен. Госпиталда 4 ай емделіп, кейін қайта майданға жіберіледі. Содан бері анам да одан хабар алмағанын айтатын. Бар мақсатым, әкем жерленген зираттан бір уыс топырақ алып елге қою еді. Мұны өзім перзенттік парызым деп білеміз, – дейді көзіне жас алған Төлеген әжеміз.

Иә, бұл соғыс түбінде Сағындықовтар отбасын тірегінен айырды. Соғыс салған жараны еске алса, кенже қызының көңілі босай береді. Аштанбай атамыз 4 ай госпиталда ем алғаннан кейін қайтадан майдан даласына өнеді. Өкінішке орай 1943 жылдың 15 қаңтарында батыр

атамыз соғыс даласында болған үлкен шайқастың бірінде ерлікпен қаза тапты.

Төлеген әжеміз перзенттік парызын орындау үшін аянып қалмады. Қармақшыдан азды-көпті мәлімет алды, кейін депутаттардың қабылдауында болып, тіпті тиісті министрлікке дейін іздеу салды. Арада біраз уақыт өткенде Ресейдегі елшіліктен хабар келеді. Ондағы азаматтар әкесі Аштанбайдың Ленинград үшін шайқаста ерлікпен қаза тапқанын, мүрдесі сол қаладан 83 шақырым жердегі зиратта жерленгенін айтады. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында қызын әкесінің бейітіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуге шақырады. Бірақ оған баруға Төлеген әжеміздің қалтасы да, денсаулығы да көтермейді. Не керек, ол мән-жайды айтып, мақсатымен бөліседі.

Төлеген әжеміз кейін бұл мәселемен ауданға жасаған сапарының бірінде облыс әкімінің қабылдауында болды. Аймақ басшысы мейлінше қолдау көрсететінін айтып, жауапты азаматтарға тиісті тап-

сырма береді. Көп уақыт өтпей облыс әкімдігінен хабарласып, тиісті жұмыс жасалатынын айтып әжемізді қуантып қойды.

– Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевқа алғыстан басқа айтарым жоқ, әрлі-берлі сабылмай, әуелде сол кісінің қабылдауына жазылуым керек екен. Мән-жайды айтқан бойда көмек беретінін айтты. Артында азаматтар хабарласып, Ленинградтағы зиратта жерленген әкемнің орнынан топырақ әкеліп, елге қоюға жәрдем беретіндерін айтты. Алдағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығында үлкен шеру болып, әкемнің топырағын туған жеріне қоямын. Облыс әкіміне алғысым шексіз, – дейді әжеміз.

Иә, сұм соғыс тек Сағындықовтар отбасына ғана емес, қаншама қазақ отбасына үлкен шығын әкелді. Аштанбай атамыз сияқты қаншама боздақ майданнан қайтпай қалды. Олардың ерлігі ел жадында жаңғыра береді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тағзым



Апат құрбандарын еске алды

ӘЛЕМГЕ ҚАҰІП ТӨНДІРГЕН ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА БИЫЛ 39 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ АПАТТЫҢ БІРІ САНАЛАТЫН ЧЕРНОБЫЛЬ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНДА 1986 ЖЫЛДЫҢ 26 СӘУІРІНДЕ АПАТ БОЛДЫ. КЕҢЕС ОДАҒЫ ТАРИХЫНДА МИЛЛИОНДАҒАН АДАМНЫҢ ӨМІРІНДЕ ҚАРАЛЫ КҮН БОЛЫП ҚАЛҒАН ОСЫ ОҚИҒАНЫҢ САЛДАРЫ ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРДЫ.

Қаншама жаңа ұрпақ дүниеге келгенімен, талай отбасын қара жамылдырған жойқын апат әлі күнге ұрпақтарының жадында. Жуырда Тағзым алаңында Чернобыль апатынан зардап шеккен жауынгерлерді еске алуға арналған жиын өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет пен апатқа қатысқан ардагерлер, боздақтардың ұрпақтары қатысты.

Сессия

Бюджеттің атқарылуы нақтыланды

Аудан бюджетінің 2024 жылға бекітілген жалпы бюджет түсімдері 10019073 мың теңгені құраса, кейін 11 921 130,5 мың теңге болып түзетіліп, жүз пайыз орындалған. Оның ішінде бекітілген аудандық бюджеттің өз кірістері 1 997 938 мың теңгені құрайды. Жыл көлемінде аудан бюджеті аудандық мәслихат сессиясының шешімдерімен 5 мәрте нақтыланып, оған 13 рет түзету енгізілген. Былтыр жергілікті бюджеттің кірістері 3 688,9 мың теңгеге кем орындалған. Бұған мұнай компанияларының мүлік салығын орындамауы басты себеп болып отыр. Аудандық мәслихаттың кезектен тыс 30-шы сессиясында аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов осылай деді.



Сессия отырысында 2024 жылға арналған аудандық, кент және ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіту, «Жалағаш ауданының әлеуметтік көмек көрсетуінің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 7-2 шешіміне өзгеріс енгізу, Жалағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту мәселелері қаралды.

Аудан бюджеті шығыстарының бекітілген жылдық жоспары 10019073 мың, нақтыланған жоспары 12 198 534,7 мың, түзетілген жоспары 11 959 743,7 мың теңгені құрап, 99,7 пайыз орындалған. Сондай-ақ 34 651,8 мың теңге игерілмеген. Оның ішінде республикалық бюджет 100 пайыз орындалып, 10,9 мың теңге, облыстық бюджет 98,8 пайыз орындалып, 33 082,8 мың теңге үнемделген. Ал бюджеттік несиелер 100 пайыз орындалған.

Арнұр Әлібекұлы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінен «Ағымдағы нысаналы трансфертер» бағдарламасы бойынша 1062 150,7 мың теңге жоспарланып, тиісті қаржы 1 062 147,8 мың теңгеге орындалғанын айтады. Оның ішінде «Ауыл – ел бекігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен Есет батыр ауылындағы Т.Бисембаев, Бөлекбай би, Өмірбай шешек, Жаңа жарма, Сарман батыр көшелері күрделі жөндеуден өтті. Сондай-ақ Аққұм ауылындағы 10 көшеге де күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

– Аудандық бюджеттен кентті аба-тандыруға 65 409 мың, кент әкімі

аппаратының теңгерімінде тұрған қызметтік тұрғын үйлерді жөндеуге 8 500 мың, «Жалағаш қызметі» КММ-ның ұстау шығындарына 48 945 мың, Қаракеткен елді мекеніне кіреберіс Қалмахан көшесін ағымдағы жөндеуге 9 400 мың теңге бөлінді. Қорғаныс тобының жоспары – 25 808 мың теңге. «Аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бағдарламасынан 958,5 мың теңге игерілді. Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық атқару қызметі тобы бойынша жоспар да 100 пайыз орындалды. Нәтижесінде Жалағаш аудандық маңыздағы автомобиль жолдары бойына жол белгілерін өзірлеп, орнату және жасанды ойлы-қырлылық орнату жұмыстарын мердігер «Нұрдаулет» сервис ЖШС жүргізді. «Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға ҚР заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша 36816,7 мың теңге жоспарланып, 2024 жылға 2493 маманға 14 768 теңгеден төленді, – деді Арнұр Әлібекұлы.

Былтыр Қаракеткен, Мырзабай ахун елді мекендерінің полиция инспекторына тұрғын үй сатып алуға 6 800 мың теңге жұмсалған. Мырзабай ахун ауылының тұрғын үй секторының электр беру желілерінің құрылысына 120557 мың теңге, Есет батыр ауылының тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысына 314155 мың теңге, Темірбек Жүргенов ауылының тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын электрмен жабдықтауға 372989 мың теңге қаржы қаралған. Аудандық бюджеттен 5 800 мың теңгеге Жалағаш кентіндегі «Ақтөрек-170» тұрғын үй секторының инженерлік кәсіп учаскесінде жаяу

жүргіншілер жолына жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, толық игерілген. «Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бағдарламасы бойынша Таң елді мекенін шаруашылық ауысумен жабдықтау үшін жерасты сулары өндіруге арналған №2-Т барлау пайдалану ұңғымасын бұрғылауға жобалау-сметалық құжаттамасын жобалаушы «Проминс» ЖШС әзірледі.

Аудан әкімінің орынбасары А.Нұрмағанбетов 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарының Жалағаш ауданы бойынша 2024 жылғы іске асырылуы туралы баяндады. Сөзінше, 2021-2025 жылдарға арналған облыстың даму жоспарының аудандар бөлінісіндегі нысаналы индикаторлары негізінде Жалағаш ауданына 9 нысаналы индикатор тиесілі. Өткен жылдың қорытындысымен 6 нысаналы индикатор орындалған. 3 нысаналы индикатордың негізінде биыл сәуір айының қорытындысымен шығатын статистикалық мәліметтерге сәйкес анықталады.

Бірінші мәселе бойынша Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Е.Абдрахманов бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы баяндама жасады. Баяндамашы бюджеттік бағдарлама әкімшілері мен кент, ауылдық округтер әкімдері тарапынан жіберілген кемшіліктерді кеңінен тарқатып, алдағы уақытта бақылауға алынуы қажет мәселелер бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Сессияға дейін тұрақты комиссияда кент және ауылдық округ әкімдерінің бюджетті атқару туралы қысқаша есептері тыңдалып, мәслихат депутаттары тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар берілді. Ал сессияда 2024 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есепке қорытынды баңдаманы «Экономикалық даму, қаржы және бюджет мәселелері

жөніндегі» тұрақты комиссия төрағасы Гүлзат Құрманбаева жасады. Ол түсімдер бөлімін толықтыруға және жергілікті бюджеттің салықтық базасын кеңейтуге жұмыстар жүргізуді, дебиторлық және кредиторлық берешектің қалыптасуына жол бермеуді және облыстық тексеру комиссиясымен анықталған кемшіліктерді жойып, алдағы уақытта кезекті жылдың бюджетін жоспарлау және атқару барысында есепті бекітуге ұсынды.

Екінші мәселе бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қ.Бөлембаев хабарлама жасады. Ол жекелеген санаттағы азаматтардың мерекелік күндеріне берілетін әлеуметтік көмек мөлшеріне және негізгі ұғымдар мен терминдеріне енгізілетін өзгерістерді кеңінен тарқатты. Ал аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Е.Жантуғанов аудан бойынша 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда хостелдерді, қонақжайларды, жала берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнының нөл пайыз мөлшерінде бекітуді ұсынды.

Сессияда қаралған мәселелер бойынша шешім жобалары бірауыздан қолдау тапты. Аудан әкімінің орынбасары бюджеттің атқарылуы, биылғы жылдың бюджеті және алдағы міндеттерді нақтылады.

Иә, өткен жылы ауданда атқарылар жұмыс аз болған жоқ. Бірқатар нысан ел игілігіне берілді. Биыл да меже айқын. Бастысы, осы қарқын бәсеңдемеуі тиіс.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Сезім НҰР

Думан

Бірлік бәрінен маңызды



Бейсенбіде орталық алаңда Қазақстан халқының бірлігі күні кең көлемде тойланып, салтанатты шара өтті. «Байлық байлық емес, бірлік – байлық» демекші, бүгінде жүз отыздан аса ұлт пен ұлысқа пана болып, бір тудың астында, бір шаңырақты бірге көтеріп, берекелі күн көшіп келеміз.

Мереке аясында бір мемлекетті Отаным деп, түрлі этнос өкілдерінің «Бір шаңырақ астында» атты тағам және мәдениет көрмесі ұйымдастырылып, мерекенің маңызы арта түсті. Ең әуелі аудан әкімі Ардақ Ибраимов көрмемен танысып, түрлі

этнос өкілдерінің өнерін тамашалады. Мерекелік шарада Қаракеткен ауылының тұрғыны, әзірбайжан ұлтының өкілі Нурейева Зейнеп әннен шашу шашса, басқа да этнос өкілдері ұлттық билерін билеп, тағамдарын ұсынды. Сондай-ақ аудандық индустриалды-

аграрлық колледжінің жастары бөташар салтын дәріптеді. Мұнан кейін Ардақ Әбдіғалпарұлы аудан тұрғындарын мерейлі мерекемен құттықтап, маңызына тоқталды.

– Киелі Жалағаш жерінде ұлты басқа болғанымен жүрегі бір, тілі

басқа болғанымен тілегі бір жандар бір үйдің баласындай бірлікпен ғұмыр кешуде. Халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген қанатты қағиданы атадан балаға мирас етіп қалдырған. Бірлік, ұлтаралық татулық пен саяси тұрақтылық – біздің бейбіт өміріміздің мызғымас кепілі. Бірлігі бекем елдің түтіні тұзу шығады. Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық келісімнің мерекесі. Бірлік, достық, ынтымақ мерекесі баршаңызға құтты болсын, – деді аудан басшысы.

Мерекелік шара одан әрі театрландырылған қойылыммен жалғасып, сахнада жергілікті өнерпаздардың және түрлі этнос өкілдерінің ұлттық биі мен әндерімен өрнектелген концерттік бағдарламаға ұласып, спорттық шарамен қорытындыланды. Айта кетейік, бүгінде ауданда 14 этнос өкілінен 254 жалағаштық бірлігі мен ынтымағы жарасып ғұмыр кешуде. Қазақ халқымен бір нанды бөлісіп жеп, бір үйдің баласындай етене араласып, қыз берісіп, қыз алысып құда болып отырғандар бар. Солардың бірі – қазақ еліне күйеу бала болып, қазақпен құда болып, 22 немере сүйіп отырған тәжік ұлтының өкілі Чулаев Исқандар. Татулықты ту етіп, ынтымағы жарасқан Бұқарбай батыр ауылында ең көп өзге ұлт өкілдері тұрады. Бұл елді мекен – шешен, көріс, орыс сынды өзге ұлт өкілдерінің тағдырын бір арнаға тоғыстырып, достығын жарастырған өлке. Яғни мұндағы 16 отбасы өзге ұлт өкілінен

– Ата-анам бұл ауылға 1944 жылы көшіп келген. Мен және бауырларым осында дүниеге келіп, өсіп-өндік. Араласатын дос-жарандардың, көршілеріміздің бәрі – қазақ отбасы. Бір-бірімізбен етене жақын араласып, тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Өзге

ұлт деп жатсынбай, той-томалақ, мерекелік дастарханға шақырып, бірге тойлау ес білген шағымыздан қалыптасқан. Қазақ тілінде еркін сөйлеуге ауылдағы алтын ұям мен ортам көмектесті, – дейді шешен ұлтының өкілі Салам Мәжиев.

Қазақтың салт-дәстүрімен қатар мәдениетін ерекше құрметтейтін Мәжиевтер отбасының кіші ұлы Ислам Мәжиев – гір спортынан аудан абыройын асқақтатып, Азияны бағындырған үздік спортшылардың бірі.

Мұнан бөлек «Руханият» орталығында Қазақстан халқының бірлігі күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай салтанатты қабылдау өтті. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов бірлік пен бейбітшілікті сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны ерекше екенін атап өтіп, аудан-

ның қоғамдық және мәдени өміріне белсене атсалысып жүрген бірқатар азаматқа аудан әкімінің құттықтауын табыстады.

Мерекелік қабылдауда қоғам белсенділері мен ардагерлер сөз сөйлеп, бірлік пен достықты, ұрпаққа үлгі боларлық ортақ құндылықтарды дәріптеп, мазмұнды ойларын ортаға салды.

Тағдыр тәлкегімен жылы ұясын тастап, пана іздеп келген жандарды құшақ жайып қарсы алдық, төрімізден жай ұсынып, қоныс бердік. Олардың әрқайсысын өз бауырымыздай көріп, қолымыздағы барымызбен бөлістік. Олар бүгінде халқымыздың қонақжай көңіліне алғыстарын айту-дан жалыққан емес.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ



Таным

Ынтымақ – берекенің бастауы



Қызылорда қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Қазақстан – достық мекені» атты форум өтті. Оған Жалағаш ауданынан арнайы делегация қатысып, бірлік пен татулықты ұлықтаған шараның куәсі болып, Қызылорда қаласынан жаңадан бой көтерген орталықтарға танымдық экскурсия жасады.

Ең алдымен қатысушылар Қызылорда облысының 85 жылдығы аясында ел игілігіне табысталған «Анаға тағзым» орталығында болып, аналарға деген тағзым мен отбасылық құндылықтар туралы мағлұмат алды.

Мұнда жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында атқарылып жатқан «Мирас» әжелер клубы, «Ұлт жақұты» музейі залы, «Бойтұмар» қыздар клубы, «Сырғалым» сырласу клубы, «Жас отау» жас отбасылар мектебі, «Ана тілі» дебат клубының жұмысымен танысты. Сондай-ақ делегация қала тарихынан сыр шертетін тарихи-мәдени орындарды аралап, Қызылорданың ел астанасы атанғанына 100 жыл толуына орай жаңартылған орталық пен өнер» залы да өнерлі өлкеден шыққан небір күміс көмей, бұлбұл жыршы, термеші, әнші, ақын, күйшілеріміз бен әдебиет пен мәдениеттің қайталанбас тұлғаларының құжаттары мен фотосуреттерімен толыққан.

«Мәдениет және өнер» залы, «Этнография» залы, «Тәуелсіз Қазақстан» залымен танысты.

Мәселен, «Этнография» залы Сыр өңірі қазақтарының шаруашылығы, салт-дәстүрлері, қолөнері мен ұлттық ойындары туралы кеңінен сыр шерттеді. Экспозицияда алты қанат киіз үй жасау жабдығымен және ұлттық үй жиһаздары орналасқан. XIX-XX ғасырда үй тұрмысында пайдаланған ағаш табақ, кесе, ожау, тегене, күбі мен сырға, сақина, шашбау, бойтұмар сынды зергерлік бұйымдар коллекциясы да витриналарға қойылған. Сонымен қатар мұнда қобыз, домбыра, дауылпаз бен ұлттық киімдердің де түрлері орын алған.

«Сыр елі – жыр елі» демекші, «Мәдениет пен өнер» залы да өнерлі өлкеден шыққан небір күміс көмей, бұлбұл жыршы, термеші, әнші, ақын, күйшілеріміз бен әдебиет пен мәдениеттің қайталанбас тұлғаларының құжаттары мен фотосуреттерімен толыққан.

– Бүгін біз Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына орай облыс әкімінің қолдауымен Қызылорда қаласында бой көтерген жаңа нысандар мен мәдени орталықтарды аралап, танысып шықтық. Бұл саяхатқа ауданымыздың аналар және әйелдер кеңесінің төрайымдары, ардагерлер мен этнос өкілдері куә болды. Ұйымдастырушыларға рахмет, алдағы уақытта да осындай мазмұны терең іс-шаралар жалғасын таба береді деп ойлаймын, – дейді аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова.

Мұнан кейін Жалағаштықтар 11 этномәдени бірлестіктің басын бір шаңырақтың астына біріктірген ынтымақ пен бірліктің ұясына айналған «Достық» үйіне аялдады. Олар мұнда этномәдени бірлестіктердің күнделікті қызметімен танысып, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған бейне-көрсетілімді тамашалады.

Форумның келесі кезеңі «Қазақстан – достық мекені» атты дөңгелек үстел

отырысымен жалғасып, өңірдегі белсенді этнос өкілдерімен ашық әрі мазмұнды пікір алмасу өтті. Кездесу барысында қоғамдық келісімді нығайту, достық пен өзара түсіністікті арттыру жөнінде ұсыныстар талқыланды.

Облыстық «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Дәулет Омаров этносаралық келісім мен бірліктің маңыздылығына тоқталып, барлық қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтады.

Жиын барысында аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай аудан атынан арнайы дайындалған фотоальбомды салтанатты түрде табыс етті. Форум соңында ауданнан барған белсенді этнос өкілдері облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каиповтың алғыс хатымен марапатталды.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ



Дода



Ерлік дәріптелген турнир

Ауданда Ұлы Отан соғысының ардагері Бохан Сүлейменовті еске алуға арналған 2009-2010 жылғы жасөспірімдер және 2014-2015 жылғы кіші жасөспірімдер арасында еркін күрестен республикалық ашық турнир басталды. Турнирдің ашылу рәсімінде аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов қатысушыларды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, жас спортшыларға алдағы жарыс жолында сәттілік тіледі.

Сонымен қатар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, ұрпақтары атынан Ерғара Сүлейменов және турнирдің бас төрешісі Нұрлыбек Маратулы Бохан Сүлейменовтың енеге толы өмір жолына тоқталып, ерлік істері кейінгі ұрпаққа үлгі екенін жеткізді.

Бохан Сүлейменов 1924 жылы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезі Байұзақ болыстығының аумағындағы №25 ауылда дүниеге келген. Алғаш еңбек жолын Карл Маркс атындағы колхозда есепші болып бастаған ол 1942 жылы қаңтарда Қызылорда қалалық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанды. 1942 жылы ақпан-наурыз айларында Оңтүстік-Батыс майданының құрамындағы №75 гвардиялық атқыштар дивизиясы, №231 гвардиялық атқыштар полкінде бронбейиштерді дайындайтын қысқамерзімді оқу-жаттығу курсынан өткен. Осы полктың №1 атқыштар батальонында танкке қарсы қолданылатын калибрі 14,5 миллиметрлік мылтығының расчет командирі әрі көздеушісі болып тағайындалады.

Соғыстың алғашқы айларында қолданысқа енгізілген бұл қару немістердің орта және жеңіл салмақты танктері мен бронды машиналарын 150-300 метрге дейін қашықта жоюға арналған. Әскерлер арасында бронбейишкі мамандығы өте қауіпті мамандықтың бірі болып есептелетін. Өйткені шайқас басталысымен жаудың ұшақтары, танктері, артиллериясы мен жау әскерлері біріңші кезекте алдыңғы шептегі танктерге қарсы қолданылатын зеңбіректердің расчеттары мен бронбейиштердің көзін жоюға талпынатын.

Ұлы Отан соғысы кезінде шешуші рөл атқарған шайқастардың бірі Курск шайқасына бастан-аяқ қатысқан Бохан атамсыз Поньри деген деревняның маңында ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, қасындағы көмекшісі қаза тапқаннан кейін жеке өзі ПТР мылтығымен жаудың 2 танкісінің ұрымтал жерін көздеп атып, өртеп жібереді. Бұл оқиғаны көзімен көрген №231 гвардиялық атқыштар полкінің командирі, гвардия подполковнигі Макавечкий өз қолымен толтырған марапаттау парағында Б.Сүлейменовты І дәрежелі «Отан соғысы» орденіне ұсынды. Ол кейін ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және «Венаны алғаны үшін» медалімен марапатталды. Соғыс және еңбек ардагері 2000 жылы дүниеден өтті.

Айта кетейік, екі күнге жалғасатын турнирде Түркістан Алматы, Қызылорда қалаларынан келген 200-ге жуық жас палуан бозкілемде белдесесіп, жүлделерді сарапқа салады.

К.ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі: СЫРМЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2850 Тапсырыс №730
---	--	--	--	--